

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1182 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 2, 13 және 120-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне тиесілі тұрақты жер пайдалану құқығындағы жалпы алаңы 13,8372 га жер учаскелері өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер санатынан Алматы қаласының әкімдігіне әкімшілік бағынысты болатын елді мекендердің жерлері с а н а т ы н а а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталін орналастыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери клиникалық госпиталін Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 қазандағы № 984 қаулысының күші жойылды д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

8

қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 1 8 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Елді мекендердің жері санатына ауыстырылатын өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің
экспликациясы**

Р / с №	Ауыстырылатын жер учаскесінің жалпы алаңы, гектар	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ауыстырылатын жер учаскесінің мақсатты арналуы
1.	9,9792	Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Красногорская көшесі, 2/2	Қорғаныс мұқтажына арналған объектілерді орналастыру

2.	3,858	Алматы қаласы, Медеу ауданы, Фурманов көшесі, 222	Орталық госпитальді пайдалану үшін
	13,8372		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК